

«БАЛДЫРҒАН» БӨБЕКЖАЙ-БАҚШАСЫНДА ПЕДАГОГТЕРМЕН ӨТКІЗІЛГЕН СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУҒА АРНАЛҒАН КЕҢЕС

Тақырыбы: «Адалдық – тәрбие негізі»

Мақсаты:

Педагогтердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру, адалдық қағидаларын насихаттау және балабақшадағы ашықтық пен әділдікті нығайту.

ҚАТЫСУШЫЛАР: Балабақша директоры, әдіскер, педагогтер

КЕҢЕСТІҢ БАРЫСЫ

Тренинг: «Адал ұстаз қандай?»

Педагогтерге түрлі сөздер ұсынылады. Әділ, Жауапты, Ашық, Сенімді, Парасатты .

Әр педагог «Адал педагог – ол ...» деп сөйлемді жалғастырады.

Мақсаты: жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру.

«Сыбайлас жемқорлық дегеніміз не?»

Формат: Қысқа бейнеролик , баяндама

Директор Г.Т. Косниязова : Сыбайлас жемқорлық — қызметтік өкілеттікті жеке мақсатта пайдалану.

Балабақшада кездесуі мүмкін тәуекелдер:

- ✗ Заңсыз ақша жинау
- ✗ Сыйлық алу
- ✗ Әділетсіз марапаттау
- ✗ Құжаттарды жалған толтыру
- ✗ Жұмысқа таныстықпен қабылдау

Талқылау сұрағы:

«Жемқорлықтың бала тәрбиесіне әсері қандай?»

Педагогтердің пікірлері тыңдалды.



«Педагогикалық әдеп және адалдық»

Әдіскер Искалиева Ж.А баяндама жасады.

Педагог міндеттері:

- ✓ Әділ болу
- ✓ Ата-анамен ашық жұмыс жүргізу
- ✓ Қызметтік әдеп сақтау
- ✓ Баланың құқығын қорғау
- ✓ Қаржылық ашықтық сақтау

«Адалдық бұрышы»



Балабақшада орналастырылатын ақпараттар: Сенім жәшігі, Ашық есік күні
«Ситуациялық кейстер»



Педагогтер топтарға бөлінеді.

КЕЙС №1 Ата-ана мереке алдында тәрбиешіге қымбат сыйлық әкелді.

Сұрақ:

Педагог не істеуі керек?

Дұрыс шешім: Сыпайы түрде бас тарту немесе ұжымдық форматқа бағыттау.

КЕЙС №2 Топта ақша жинау ұсынылды.

Сұрақ:

Бұл заңды ма?

Жауап: Мәжбүрлі ақша жинауға болмайды.

КЕЙС №3

Тәрбиеші танысын жұмысқа орналастыруды сұрады.

Сұрақ:

Қандай шешім дұрыс? Жауап: Жұмысқа қабылдау заң талаптарына сай жүргізілуі тиіс.

«Адалдық ағашы»

Педагогтер жапырақтарға өз ұстанымдарын жазады: «Мен әділ боламын», «Мен заңды сақтаймын», «Мен ата-анамен ашық жұмыс жасаймын»

Жапырақтар арнайы плакатқа ілінеді.

Сергіту сәті «ИӘ немесе ЖОҚ»

Жүргізуші сұрақ оқиды.

Сұрақ

Жауап

Ата-анадан ақша жинауға бола ма? **✗** Жоқ

Сұрақ

Жауап

Әдеп кодексін сақтау міндет пе? Иә

Сыйлық алу жемқорлыққа жата ма? Иә

Ашықтық сенім қалыптастыра ма? Иә

«Микрофон әдісі»

Әр педагог бір сөйлеммен қорытынды айтты: «Адалдық – үлкен жауапкершілік»
«Жемқорлыққа жол жоқ» «Тәрбие адалдықтан басталады»

КЕҢЕС ШЕШІМІ

1. Балабақшада сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жұмыстары тұрақты жүргізілсін;
2. Педагогикалық әдеп нормаларын сақтау бақылауға алынсын;
3. Ата-аналармен ашықтық саясаты күшейтілсін;
4. Заңсыз ақша жинауға жол берілмесін;
5. «Адалдық бұрышы» ұйымдастырылсын;
6. Ай сайын түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.

ҚОРЫТЫНДЫ ҰРАН

«Адал педагог — сапалы тәрбие кепілі!»